

**Мемлекеттік нотариалдық кеңселердің қызметкерлері ақылы қызметтер көрсету үшін алатын ақша қаражаттарын бөлу тәртібі туралы Ережені бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1997 жылғы 13 мамыр N 260/39. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 маусымда тіркелді. Тіркеу N 320. Күші жойылған - ҚР Әділет министрлігінің 1998.05.21. N 58 ~V980520 бұйрығымен.

Жеке және заңды тұлғалардың ақылы құқықтық және техникалық қызметке деген қажеттіліктерін заң қызметін көрсету сапасы мен мәдениетін көтеру негізінде барынша толық қанағаттандыру мақсатында бұйырамын:

1. Республиканың мемлекеттік нотариустары мен мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің кеңесшілеріне Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 31.03.97 ж. N 19 қаулысымен бекітілген уақытша бағалар бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтінішімен ақылы қызметтер көрсету рұқсат етілсін.

2. Республиканың мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 31.03.97 ж. N 19 бекітілген уақытша бағалар бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтінішімен ақылы қызмет көрсету үшін алатын ақша қаражатын бөлу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

3. Мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметкерлері көрсететін ақылы қызметтерге белгіленген уақытша бағалардың дұрыс қолданылуын және қаржылық есеп берулердің дұрыстығын бақылау аумақтық әділет органдарының бастықтарына жүктелсін. Республика мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен тарифтер бойынша жеке және заңды

тұлғалардың өтінішімен ақылы қызметтер көрсету үшін алатын ақша қаражаттарын бөлу тәртібі туралы, Әділет министрі 25.12.95 ж. бекіткен Ереже күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі

Ескерту: Министрдің қолы осы бұйрықтың орыс тіліндегі мәтінде

Республика мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен уақытша бағалар бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтінішімен ақылы қызмет көрсету үшін алатын ақша қаражаттарын бөлу тәртібі туралы

## ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Республиканың мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің мемлекеттік нотариустары мен кеңесшілері жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша көрсететін ақылы қызметтердің, мемлекеттік баж салығын алу көзделмеген ақылы қызметтердің, бұдан әрі мәтін бойынша "ақылы қызметтер", түрлерін айқындайды, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетуден түсетін ақша қаражаттарын пайдалану мақсаттары мен бөлу тәртібін белгілейді.

2. Құқықтық және техникалық сипаттағы ақылы қызметтерге мыналар жатады:

а) нотариалды куәландырылған құжаттар бермей құқықтық мәселелер бойынша ауызша консультациялар (кеңестер беру);

б) мәмілелер мен басқа құжаттардың жобаларын жасау;

в) мемлекеттік баж салығын алу көзделмеген басқа да қызметтер көрсету.

3. Құқықтық және техникалық сипаттағы ақылы қызметтер көрсету Республиканың мемлекеттік нотариалдық кеңселерінің мемлекеттік нотариустары мен кеңесшілеріне жүктеледі.

4. Ақылы қызметтер үшін ақы алу Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен уақытша бағалар бойынша жүргізіледі. Ақылы қызметтер көрсету үшін алынатын ақшалай қаражаттар аумақтық әділет органдарының арнайы есепшоттарына түседі. Ақшалай есеп айырысу арқылы ақша алуға жол берілмейді. Көрсетілген қызметтер үшін ақы алынғандығы жөнінде нотариалдық әрекеттер бланктерінің мәтінде белгі қойылады.

5. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен ақшалай қаражаттар аумақтық әділет органы бастығының (бастықтың орынбасарының) міндетті түрде қатысуымен Нотариустар кеңесінің шешімімен мына қорларға және төмендегі мөлшерлерде бөлінеді:

- мемлекеттік нотариалдық кеңселердің қызметкерлерін материалдық мадақтау қоры - 20%;

- нотариатты өндірістік қолдау қорына - 25%;

- әділет басқармасының орталықтандырылған қорына - 55%.

6. Мемлекеттік нотариалдық кеңселердің қызметкерлерін материалдық мадақтау қоры мыналарға жұмсалады:

- мемлекеттік нотариустар мен кеңесшілердің лауазымдық жалақыларына жоғары біліктілігі үшін үстемеақылар белгілеуге;

- қызметті қатар атқарғаны немесе орнында уақытша жоқ нотариустың (кеңесшінің) міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы төлеуге;

- нотариустың (кеңесшінің) бір жыл ішіндегі жұмысы нәтижелері бойынша, бірақ жеке қосымша ақыларды қосқанда, бір лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде, сыйлық беруге және сыйақы төлеуге.

7. Жоғары біліктілігі үшін нотариустардың және кеңесшілердің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар төлеу Нотариустар кеңесінің ұсынысы бойынша шығарылатын әділет басқармасы бастығының бұйрығы бойынша жүргізіледі. Қосымша ақылардың мөлшері нотариустың (кеңесшінің) лауазымдық жалақысына проценттер түрінде, бірақ 25% артық емес және белгілі мерзімге белгіленеді.

8. Нотариустарға (кеңесшілерге) қосымша ақылар мына шарттар

сақталғанда төленеді:

- нотариалдық әрекеттер қолданылып жүрген заңдардың нормалары мен талаптарын бұзусыз жасалғанда;

- нотариустың (кеңесшінің) әрекеттеріне шағымдар болмағанда;

- еңбек тәртібі сақталғанда;

- әділет басқармасының тапсырмалары уақытында және сапалы орындалғанда;

- ақылы қызметтерге белгіленген бағалар дұрыс қолданылғанда және азаматтарға құқықтық қызмет жоғары мәдениеттілікпен көрсетілгенде;

- құқықтық насихатқа қатысқанда.

Аға нотариустардың лауазымдық жалақыларына қосымша ақылар белгіленген кезде мыналар ескеріледі:

- нотариалдық кеңседе жасалған нотариалдық әрекеттердің сапасы;

- нотариустарды оқытуды ұйымдастыру;

- кеңседе нотариалдық практиканы талдаудың және қорытындылаудың сапасы;

- нотариат бойынша әділет басқармасының шараларына қатысу;

- нотариалдық кеңседе азаматтарға қызмет көрсету мәдениеті;
- қызметтер үшін ақы алу жөніндегі есеп берудің дұрыстығы және сенімділігі.

9. Қызметті қатар атқару немесе уақытша орнында жоқ нотариус (кеңесші) міндеттерін атқару үшін қосымша ақы лауазымдық жалақыға қосымша, бірақ 20% артық емес, ақы төленетін тәртіпте жүргізіледі.

10. Бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша нотариустарға (кеңесшілерге) Материалдық мадақтау қорынан сыйлық беру және сыйақы төлеу шарттары мен тәртібін Нотариустар кеңесімен келісе отырып әділет басқармасының бастығы белгілей алады.

11. Нотариустарды (кеңесшілерді) қосымша ақылардан, үстемеақылардан және сыйақылардан толық немесе жартылай айыру Нотариустар кеңесінің шешімі негізінде әділет басқармасы бастығының бұйрығымен жасалады.

12. Ақылы қызметтер үшін белгіленген уақытша бағаларды жасанды түрде көтеру, мағлұматтарды мерзімдерде бермеу немесе жалған мағлұматтар беру, сондай-ақ осы Ереже талаптарын бұзу нотариустарды (кеңесшілерді) тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

13. Нотариатты өндірістік қолдау қорының қаражаттары мыналарға жұмсалады:

- мемлекеттік нотариалдық кеңселердің ғимараттарын сатып алу, салу, қайта салу және жөндеу жөніндегі шығындарды өтеуге;
- нотариалдық кеңселердің жұмысын қамтамасыз ететін заң, әдістемелік және өзге әдебиетті сатып алуға, архив ісін ұйымдастыруға, нотариустарды оқытуға;
- нотариустардың өзге қажеттіліктерін қаржыландыруға.

14. Әділет басқармасының орталықтандырылған қоры әділет органдары мен мекемелердің материалдық базасын дамытуға бағытталады.